


Буын және оның түрлері



Сабақтың мақсаты:

- Білімділік-сөздерді буынға бөлу, оның маңызы және буынның түрлерінің жасалу жолын үйрету;
- Дамытушылық-жаттығулар мен мысалдар арқылы буынның жасалу жолы, қызметі жайлы мағлұмат беру, буынның түрлерін ажырата білуге дағдыландыру;
- Тәрбиелік-сөздік қорын, тілдерін дамыту, адами қасиеттерге баулу.

- Буын – сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстың тобынан жасалған фонетикалық бөлшек.

Ескерту.

1. Дауыссыз дыбыстар буын құрай алмайды.
2. Сөзде қанша дауысты дыбыс, сонша буын болады.

Буындардың жасалу жолына көңіл бөлу.

■ BA , BAB, BA BA, BA, BAB, BAB

Осы сызба нені білдіреді деп ойлайсыңдар?

Бұл арқылы нені түсіндіруге болады?

Қазақ тілінде буынның 3 түрі бар:

1	2	3
Ашық буын	Тұйық буын	Бітеу буын
1. Бір дауысты дыбыстан болады. 2. Дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталады.	Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітеді.	Ортасындағы дауыстыны екі жағынан дауыссыз дыбыс қоршаған буын.
А-ға, а-на, ә-ке, ба-ла, қа-ла.	Ат, ет, от, ақ, аз, өрт, арт, т.б.	Бал, тарс, төрт, таң, қант, т.б.

- Ертегілерде ,мысалдарда адамдардың қасиеттері қалай бейнеледі.Мәселен :
түлкі –қу, өтірікші адам, қасқыр- аңқау,
қомағай.

Бойы бұлғаң, 46

Сөзі жылмаң 46

Кімді көрсем ,мен сонан. 7

Бетті бастым, 46

Қатты састым, 46

Тұра қаштым жалма-жан. 76

- Буынның қызметі : өлеңнің ұйқасын, ырғағын келтіріп тұрады.
- Абайға дейін жыр ұйқасы, 11 буынды қара өлең ұйқасы.
- Ал мына өлең Абайдың өзінің қазақ поэзиясына енгізген жаңалығы

Сергіту ойындары




- 1.Әліпби тәртібіндегі 7,20,22 -әріптерді тіркеп жазсаңыз балалардың бір ойыншығы шығады.
- 2.Қолда буын көп пе, аяқта буын көп пе?
- 3.Шалда буын көп пе, балада буын көп пе

ДЫБЫС ЛАҚТЫРЫСПАҚ ОЙЫНЫ

Үш қатардан үш оқушы шығады .Оқушылар тақтадағы бірінші оқушыға дыбыс лақтырады, екінші оқушы сол дыбыстан буын құрайды, үшінші оқушы сол буыннан сөз құрайды. Осылайша 4-5 сөз жазылады.Ол сөздерде неше буын бар екені сұралады. Осы сөздерден сөйлем құрастыру тапсырылады.

Пирамида құрындар

T



Оқулықпен жұмыс.

- 299 жаттығуды бір оқушыға оқыту
- Осы мәтіннен тірек сөздер табу. Фараби, әкімдер ,қыпшақ ,күй домбыра.
- Сөздегі буындарды талдау. Неше буын қандай буын?
- Мәтін кейіпкері туралы әңгімелеу.
- Мәтіннен буын жігі ауысқан сөздерді табу.
- Жаттығудағы аралас буынды сөзді табу.

Адасқан атаулар ойыны

- Қолына алып қазықты | 3-с
Ашқарақ асқа асықты

2. Атам шапан байырғы,
Қойын кері қайырды.

3. Көпен қатты ысқырды,
Кепсерлерді ұшырды

4. Татты да сорпаны,
Мұз салды от тағы.

5. Жазда ауылда атама
Шөп шабыстым шаңғымен

6. Қыста қарап жатам ба?
Қырдан астым шалғымен

7. Балық аулай барған мын мен,
Шортан ілдім бармағыммен.

Әріп қысқарса ойыны

- Палау Қанар Жолақ Қатаң Ашық
- Алау Анар
- Лау ар